

Бірлік-берекесі жарасқан ауыл

Биылғы егін жинау науқанын ойдағыдай аяқтаған жауапкершілігі шектелген «Жараспай» серіктестік жұмысшылары егістік алқаптарын ке-

мамандығы бойынша бітіріп, ауылға оралды. Одан кейін екі жыл Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келіп, ойланбастан өзінің мамандығы бойынша жұмысын жалғастырып келеді.

Биылғы егін жинау науқанында озық механизаторлар қатарында жүрген Бақыткелді қасындағы әріптестері туралы мақтанышпен айтады. Олар - егін ору уақытында 1067 тонна астық жинаған Бейбітов Ғалы, 1010 тонна жинаған Бейбітов Дүйсенбай, Сакенов Қуан, Кәкімбеков Қасендердің де үлесі айтарлықтай. Осы қатардан жастар да қалыспай келеді. Жас механизатор Бейбітов Нұржанның үлесі 802 тонна болса, оның қатарласы Омаров Темірхан 785 тонна астықты жинады. Ұжым жастары тәжірибелі механизаторлардан үйреніп, жаңа «Класс» комбайндарын қысқа мерзімде меңгерді.

Қиын қыстау уақыттан кейін есін жинап, етегін көтерген «Жараспай» серіктестігі жыл сайын нәтижелі табысқа жетіп, осындай азаматтардың арқасында ауданның бір тұрақты шаруашылығына айналды. Ал шаруашылық жұмысы алға жылжып, атқарған еңбек берекелі болуы басшыға байланысты екені сөзсіз. Ол - Нұра ауданының Құрметті азаматы, елін өрге сүйреген ағамыз Сейілхан Оспанбайұлы.

Шаруашылықтың жағдайы мен дамуы туралы ол кісі мынадай деректерді тілеге тиек етті. Серіктестік жұмыскерлерінің қажырлы еңбегінің арқасында 2014 жылы шаруашылық 255 млн. 768 мың теңге түсім пайда алды. Биылғы жылғы егіс науқанының қиындықтарына қарамастан негізгі капиталға 106 млн. қаржы салымы бөлінді. Оған тиімділігі жоғары үш жаңа «Класс» комбайндары

алынды. Алдында осындай бес комбайн және екі «Бюллер Верстали» егістік кешендер алынған. Сонымен, ауылшаруашылық техникалары 60 пайыз жаңарды. Былтырға қарағанда төмен болғанмен, дәнді дақылдардың шығымдылығы 9,2 центнер болды. Ол аудан бойынша жақсы көрсеткіш. Механизаторлардың орташа жалақысы - 120 мың теңге. Қысқы уақытта барлығы жұмыспен қамтылып келеді.

Сейілхан Оспанбайұлы ауылының әлеуметтік саласының дамуына да көп көңіл бөлуде. Серіктестіктің атынан өткен жылдары Жараспай орта

теңге бөлінген. Ауыз су тапшылығына байланысты аудан орталығынан су тасуға жыл бойы тағы да керекті қаржы бөлініп отыр.

Ұлтымыздың алтын қазығы ауыл өмірін жақсарту өте маңызды жұмыс. Ал, еңбек еткен адамдардың, ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға қомақты үлес қосып отырған осындай ағаларымыздың ісерекеті қуантады.

Адал еңбегімен еңбек еткен ұжым жұмыскерлері айлық табысын уақытында алып, қысқы азықпен толық қамтылып отыр. Күзгі жұмыстарды аяқтап, көктемгі егіс



лесі жылға дайындауға қызу кірісіп те кетті. «Бюллер Верстали» кешендерін меңгерген азаматтар күндіз-түні да- лада. Күнделікті жер өңдеу нормаларын асыра істеген серіктестік механизатор- лары егіс алқабының 80 пайызын орындап, жақын арада барлық жұмыстарды нәтижелі аяқтауға бар күшін салуда. Осы шаруашылықта 40 жылдан астам еңбек етіп, ауылдың көркеюіне өз үлесін қосып жатқан азаматтардың бірі Абдықалыков Бақыткелді. Орта мектепті аяқтап, Жа- распай кеңшарында еңбек ете бастаған Бақыткелді Черниговка кәсіптік- техникалық оқу орнын «механизатор»



мектебінің материалдық базасын толықтыруға 1 млн. теңге, орталық саябақтың қоршауына 4 млн. теңге, Мәдениет үйін жөндеуге 1 млн. теңге, ауыл тұрғындары үшін тойлар өткізетін тойхананың күрделі жөндеуіне 12 млн.

науқанына дайындық етіп, ертеңіне зор сеніммен қараған ауыл азамат- тары бұл жағдайға риза.